



МАҢҒЫСТАУ

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӨЙРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ



Kaspi Bank арқылы жатысты

№40 (10547) 13 МАМЫР, СӨРСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ САРСИ ГАЗЕТ

ҚҰМ АСТЫНДАҒЫ КӨНЕ ӨРКЕНИЕТ

ТҮПҚАРАҒАН ТОПЫРАҒЫНДА ТАҒЫ БІР ТАРИХИ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ІЗІ АЙҚЫНДАЛА ТҮСТІ. МЫҢЖЫЛДЫҚТАРДЫҢ ҮНІН ІШІНЕ БҮККЕН ҚАРАҚАБАҚ ҚАЛАШЫҒЫ БҮГІНДЕ ҒАЛЫМДАР НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРЫП, МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТЕРЕҢ ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТІП ОТЫР. ОСЫ ОРАЙДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӨУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ Ө.Х.МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ АҚАН ОҢҒАРҰЛЫ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГ АНДРЕЙ АСТАФЬЕВ ПЕН БІРГЕ КӨНЕ ШАҒАР ОРНЫНА АРНАЙЫ БАРЫП, АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Алғашқы өмір басшысы Әбіш Кекелбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталған Қарақабатақ табылған құнды жәдігерлерді қорғау Ғасырлар қойнауынан жеткен көне тасбалпақ, өрнекті қызыл мыс тағар мен мөнер – бір қарағанда үнсіз жатқан дүниелер секілді көрінгенмен, тұтас бір дәуірдің тынысын аңғартып тұрғандай. Әр жәдігер Каспий жағатындағы кезінде қыз-қалың қайған тарихи болғанын, бұл өлкеде өркеніет пен сауда мәдениеті дымдағанын дәлелдей түседі.

Кейін дәстүрлі археологиялық нысанның өзіне барып, ғалымдар жұртпен жеткен қабы жұмыстарының нәтижелерімен танысты. Мамандардың айтуынша, Қарақабатақ қалашығы біздің заманымыздың І-Ү ғасырларында өмір сүрген ірі сауда және қолөнер орталығы болған. Зерттеулер бұл мекеннің Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы маңызды тенті-құрлық байланыс торабын қамтитын аймақтан айналып отыр.

Археологтар таспаңа деректердің дүркімі де таңталды. Қалашықтан Византия, Рим, Парсы, Үндістан және Қытаймен байланыс болғанын дәлелдейтін бұйымдар табылған. Бұл – Маңғыстау жері бағмы замандарда қалың қалың сауда қатынастарының белсенді ортасына айналып, айқын көрініс. Сондай-ақ көне порттың екі, тенті саудасына қатысты құрылымдар мен қолөнер орындарының белгілері анықталған.

Қарақабатақ қал ортасында соғыс пен Нұрәліұлы Қытайлы және шағардың тарихи маңызына ерекше тоқталды. Ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, бұл мекен ІІ ғасырда өмір сүрген әйгілі Рим ғалымы Клавдий Птолемейдің картасында Астабета аталуымен көрсетілген қала болуы мүмкін.



— Қазіргі тілмен айтқанда, бұл өз дәуірінің ірі логистикалық хабы болған. Мұндай жағалықтар ата-бабаларымыз тек көшіп-қонып, мал шаруашылығымен ғана айналысқан деген жаңасқ пікірді жоюға ықпал етті. Керісінше, бұл жерде үлкен өркеніет пен қалың қалың сауда байланыстарының болғанын дәлелдейді, — деді өмір басшысы.

Бүгінде ғалымдар Қарақабатақ тек археологиялық ескерткіш ретінде емес, болшақтығы ірі туристік орталықтардың бірі ретінде қарастырады. Жобаның аясында мұнда ғалым-археологтық база, ашық аспан астындағы музей, туристік бағыттар мен инфрақұрылым салу жоспарланып отыр. Бұл бастама Маңғыстаудың тарихи мұрасын дәлеліе танытып қала қоймай, өмір туралының тынысын көрсетуге зор ықпал етеді.

Қарақабатақ құм астында қалған көне қоныстары әлі талай құпияны бүгін ашады. Әр қалың қалың тарихтың тынысын сезіледі. Сол тартысты сақтау туралы – бүгінгі ұрпақтың өмірге деген тағзымы мен болашақ алдыдағы жауапкершілігі ісегі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Сән индустриясындағы СЕРПІЛІС

АҚТАУДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ АУҚЫМДЫ СӘН ЖОБАЛАРЫНЫҢ БІРІ – «KAZAKHSTAN FASHION WEEK» АПТАЛЫҒЫ ӨТТІ. 7-10 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН СӘН АПТАЛЫҒЫ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ СТИЛЬДІ ДӘРІПТЕУ, ОТАНДЫҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР ІС-ШАРА ҮЙІМДАСТЫРЫЛДЫ.

Өсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

«Дәстүр – Стиль – Нәтиже» атты дөңгелек үстелде ұлттық мұра мен заманауи сән индустриясының үйлесімі, саудадағы және тәжірибелер, ұлттық нақышты жаңа форматта насихаттау мәселелері келісіні талқыланды. Маңғыстау облыстық әкімдігінің қолдауымен, «Алматы» партиясы жанындағы Әкімдер қауымының, облыстық СХА ассоциациясының қолдауымен ұйымдастырылған өткен басқосуға облыс әкімінің орынбасары Аббат Орысбаев, отандық және халықаралық дизайнерлер, сән индустриясының өкілдері, этнодизайнерлер, мәдениет саласының қызметкерлері мен қолөнер шеберлері қатысты.



— Ұлттық нақыш – біздің мәдени мұрамыздың ажырамас бөлігі. Бүгінде оны заманауи сән индустриясымен үйлестіре отырып, жаңа деңгейде дәріптеу аса маңызды. Мұндай жобалар ұлттық өнерді жаңғырттып қана қоймай, жас дизайнерлерге шабыт беріп, өнердің шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Маңғыстау – тарихи терең, мәдениеті бай өлке. Сондықтан ұлттық құндылықтарды заманауи сән форматына таныту – ортақ міндет, — деді Аббат Орысбаев.

Іс-шарада Маңғыстау облыстық Қолөнер шеберлері одағының президенті, «Алтын оймақ» қолөнерді қолдау қоғамдық қорының төрайымы Әуес Сағынсаева «Түркістан өрнек» тақырыбында баяндама жасап, ұлттық өнер-өрнектердің сән әлеміндегі жаңаша қолданысына назар аударды. Ал Қазақстан Жастушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі Айнахан Есетова «Шаншар» рухани мән мен символдық сарқы» тақырыбын тарақтып, қазақтың дәстүрлі әшекейлерінің тарихи және рухани өрнектерінің тәжірибесіне әңгіме өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

Мейіргерлер марапатталды

АҚТАУДА 12 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРГЕРЛЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ҮЙІМДАСТЫРЫЛҒАН «МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕЙІРГЕР – ПАЦИЕНТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КӨШ-БАСШЫСЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, САЛА ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ.



Салтанатты марапаттау рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Аббат Орысбаев, Маңғыстау денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесінің төрайымы Қуат Машырақов, облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Кеңешолық Ибраһимов, медицина саласының мамандары мен ардагерлері қатысты.

Жылда сөз сөйлеген Маңғыстау денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесінің төрайымы Қуат Машырақов мейіргерлері қабыл ерекшемен құрметтілік, олардың қоғамдағы және

қалы денсаулығын сақтауы маңызды рөлін атқарып отыр. Байқұста облыстық қалалар мен аудандардан 13 медициналық ұйымнан командалар қатысып, кәсіби білім – тәжірибесін ортаға салды. Қатысушылар кәсіби дайындықпен қатар шығармашылық, ұйымшылдық, қоғамсыйымал және тапқырлық қабілетін көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Маңғыстау облыстық көбінесеі ауруханасының «Жүрек

жылуы» командасы иеленді. Төртінші облыстық «Ана мен бала» перинаталдық орталығының «Алаш» командасы жетін алды. Сонымен қатар ІІ орын «Ясено» медициналық орталығының «Ақ халық» командасына бұйырса, ІІІ орынды Түтқарған аудандық ауруханасының «Шына жолы» командасы иеленді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ (Жалғасы 4-бетте)

